

КАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



УНИВЕРСИТЕТІ

№ 10 (1479)

27 наурыз

2013 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

Еліміз және күллі шығыс жұрты өз Наурызды думандата тойлаған мерекелі, берекелі шақ бұл. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов кезекті ректорат мәжілісін ізгі тілекпен бастады. Наурыздың достық, мейірімділік, ізгілік айы екені баршамызға аян. Осы игі дәстүрмен университет басшысы қызметте табыс, береке-бірлік тілей отырып, көпшіліктің назарын негізгі сұрақтарға аударды.



Осы тұста жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Талғат Молдахановтың хабарламасы тыңдалды. Ол 2013-2014 оқу жылына студенттерді қабылдау бойынша іс-шаралар жоспары туралы айтты. Әрине, онда басты мақсат қордаланған мол тәжірибені пайдалана отырып, абитуриенттерді тарту екені анық. Талғат Оразалыұлы осы бағытта атқарылып жатқан және жоспарланған жұмыстарға тоқталды. Факультеттердегі жұмысқа тоқталсақ, наурыз-сәуір айларында мектептерде университетпен, керісінше университетте оқушыларға арнап ашық есік күнін өткізу жоспарлануда. Сондай-ақ «Декандар дәрісі» жыл бойы жүргізіледі. Кәсіптік бейімдеу жұмыстарына студенттер мен еріктілер тобын тарту және «Бейіндік мектебінің» жұмысын жандандыру көзделуде. Сонымен қатар Виртуалды оқушылар академиясының бірінші сатысы аяқталып, он-лайн тіркеу мен жарнамаға жол ашылмақ.

Декан хабарламасында ҚазҰУ-да дәстүрлі өткізілетін «әл-Фараби» олимпиадасының барысы да сөз болды. Оған барлығы 15000 оқушы атсалысқан. Бірінші он-лайн турға 10233 оқушы, екіншісіне 2234 оқушы қатысқан. Бұл көрсеткіштер аталмыш олим-

пиаданың жыл сайын кеңінен қанат жайып келе жатқанынан хабар береді. Республиканың түкпір-түкпіріндегі мектеп оқушылары өз бағын сынап, ҚазҰУ студенті атансам деген үкілі үмітпен «әл-Фараби» олимпиадасына жіті көз тігіп келеді. Алайда, ректор Ғалым Мұтанов аталған іс-шараларды пысықтап, нақты мақсат-міндеттерді орындау керектігін ескертті.

Мәжілісте бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев Кайдзен стратегиясы бойынша келіп түскен идеяларды ортаға тастады. Ұдайы жақсарту ұстанымын көздеген ұсыныстарды көпшілік талқыға салды. Олардың ұтымды деп табылғандары болашақта университет жұмысын жандандыру жолында жүзеге аспақ. Атап өтсек, заң факультетінің деканы Дәулет Байдельдинов сырттай оқу түрі бойынша жергілікті жерлерде қабылдау комиссиясын ұйымдастыру туралы ұсынысы қолдауға ие болды. Сонымен қоса университет басшысы бұл ұсынысты толықтырып, жан-жақты жетілдіруді тапсырды.

Сондай-ақ әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева ұлық мереке Наурызды университет деңгейінде атап өту бағдарламасын көпшілікке ұсынды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

В Послании Президента народу Казахстана-2050 Глава государства подчеркнул роль высших учебных заведений страны в подготовке специалистов, способных самостоятельно генерировать знания и творчески преобразовывать их в новые технологии. Поставлена задача формирования учебных программ нового поколения, которые будут признаваемы и аккредитованы по международным стандартам.



Форум проекта Темпус в КазНУ

3 апреля в КазНУ начнет работу I Форум проекта Темпус Европейского Союза QUEECA «Качество инженерного образования в Центральной Азии». Соорганизаторами мероприятия высокого международного уровня выступили Казахское общество инженерного образования KazSEE и национальная академия высшей школы Казахстана.

Форум станет площадкой для обсуждения вопросов по повышению качества образования в области естественнонаучных дисциплин и разработке Центрально-Азиатских стандартов аккредитации естественно-технических программ в соответствии с Европейскими стандартами и требованиями работодателей. Проект нацелен на создание и реализацию системы обеспечения качества в инженерном образовании в странах Центральной Азии.

С целью модернизации содержания образовательных программ естественнонаучных специальностей и формирования новых квалификационных требований к ключевым компетенциям специалистов, КазНУ принимает активное участие в проектах программы Европейской комиссии ТЕМПУС.

В мероприятии примут участие представители Флорентийского университета, Европейской сети по аккредитации инженерных программ (ENAE), Ассоциации инженерного образования России (АИОР), Международной федерации обществ инженерного образования (IFEES), Инженерного института Лиссабона (ISEL), Европейского общества инженерного образования (SEFI), Итальянского агентства по аккредитации инженерных программ (QUACING), Министерства образования и науки РК и Правления НЭПК «Союз «Атамекен», а также Центрально-Азиатские партнеры проекта.

Пресс-служба КазНУ

БҮГІНГІ САНДА:

ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС МАМАНДЫҒЫ – ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ҚАЗҰУ БАҒДАРЛЫ СТРАТЕГИЯНЫ БАҒЫТҚА АЛЫП КЕЛЕДІ



4-бет

БҮГІНГІ САНДА:

УНИВЕРСИТЕТТЕ НАУРЫЗ



8-бет

МЕЙРАМЫ ТОЙЛАНДЫ

Қоғаммен байланыс мамандығы – қоғамға қызмет етуі керек

Күні кеше Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің Алматыдағы Бас Консулдығының және ҚазҰУ журналистика факультетінің ұйымдастыруымен АҚШ-тың Эмерсон университетінің профессоры, Америкалық зерттеуші-бихевиористер басылымының редакторы, танымал PR маманы Грегори Пэйн және осы университеттің коммуникация мектебінің 3 студенті Пелла Папастоици, Бекка Хохенбокен, Кейтлин Коллинмен кездесу болды. Алғашқы кездесу университеттің бірінші проректоры, профессор М.М. Бүркітбаевпен ҚазҰУ және Эмерсон университеті арасында болашақта ынтымақтастық байланыс орнату туралы пікір алмасудан басталды.



Сонымен қатар, профессор Г.Пейне өзінің үш студентімен бірге журналистика факультетімен танысып, профессор М.Барманқұлов атындағы телестудияда студенттермен кездесіп, арнайы сұхбат берді. Сұхбат барысында профессор Г.Пейне қазіргі кездегі журналистік білім берудегі ерекшеліктер мен болашақ PR мамандарын дайындау мәселелеріне тоқталып, журналистика факультеті студенттерімен бірге болашақта бірлескен PR жобалар жасауды ұсынды. Сондай-ақ Эмерсон университетінде білім алып жатқан Грециялық студент Пелла Папастоици ҚазҰУ-дың оқу ғимаратының ерекше ұнағанын атап өтсе, америкалық студенттер Бекка Хохенбокен және Кейтлин Коллин өздерінің Қазақстаннан алған

әсерлерімен бөлісті. Әсіресе қазақтың ұлттық тағамдары, соның ішінде жылқы етінің дәмін алғаш көргендерін де жасырмады. Болашақта бұдан да ұзақ уақытқа келіп Қазақстан жайлы өз білімдерін толықтыруға дайын екендіктерін жеткізді.

Сонымен қатар Грегори Пэйн журналистика факультетінің студенттері мен оқытушыларына арнап «Дағдарыс жағдайындағы PR» тақырыбында дәріс оқыды. Дәріс барысында профессор әлемдік дағдарыс жағдайындағы PR қызметінің ерекшеліктеріне тоқталды. Қоғаммен байланыс мамандығының қырсырын өз тәжірибелерінен мысал келтіре отырып түсіндірген профессор, сөз соңында бұл әлемде ең сұранысқа ие мамандық екенін айта келіп, ең бастысы,

қоғаммен байланыс – қоғамға қызмет етуі керек деп қорытындылады.

Дәрістен кейін факультет деканы Ө.Әбдіманұлымен болашақтағы Эмерсон университеті коммуникация мектебі мен журналистика факультеті арасында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студент алмасу, біріккен жазғы мектептер ұйымдастыру жайлы пікір бөлісті.

Бұл кездесудің басты нәтижесі – болашақта екі университет арасында өзара ынтымақтастық келісімшартына қол қойылатын болып шешілді.

Қ.Н. МЫСАЕВА,
деканның ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары

www.kaznu.kz

25 наурыз – 16 мамыр аралығында филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің профессоры (Ресей) Сергей Акимович Кибальник «Интертекстуалдық компаративистика және әдеби мәтінге түсінік беру» тақырыбы бойынша дәріс оқыды. Қызығушылық танытқандарға келіп қатысуға болады.

В преддверии Наурыза студенты юридического факультета КазНУ поздравили маленьких детей – пациентов детской клиники при НИИ онкологии и радиологии г. Алматы, которые борются со страшным недугом и нуждаются в особом внимании.

Ребята устроили детям яркий праздник, пели с ними песни, читали стихи, принимали участие в конкурсах и играх, а также подарили каждому ребенку подарок. Родители и воспитатели выразили студентам и кураторам-эдвайзерам искреннюю благодарность и слова признательности.

Наурыз қарсаңында жылуфизика және техникалық физика кафедрасының қоржыны тағы бір жақсы іске байыды. Профессор Найле Мажренова “SOS” балалар ауылының тәрбиеленушілері мен қызметкерлеріне танымал суретші, физика факультетінің түлегі Борис Тасовтың «Туған жердің сұлулығын аяла!» фотокөрмесін табыс етті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көркем шаһардың келбетін сақтау үшін ұсақ тәртіпбұзушылықтар жасаған азаматтарды әкімшілік жауапкершілікке тарту керектігін айтқан болатын. Содан бері, Алматы қаласында көпшілік жерде қоқыс тастап, шемішке шаққан үшін азаматтар жазаларын алып жатыр.

Тазалық – тәрбиенің үлкені

Жаңа бастама Қазақстанның басқа қалаларында жалғасын тауып, қалалар мен елді мекендердің тазалығын сақтау мақсатында үлкен жұмыстар қолға алынды. Осындай істердің ақ-қарасын студенттерге жеткізу мақсатында Журналистика факультеті Баспа ісі және дизайн кафедрасында 2 курс студенттерімен топ эдвайзері Қарлығаш Мергенбаеваның эдвайзерлік сағат өтті. Онда Қ. Мергенбаева: «ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 330-бабы бойынша қоғамдық орындарда былапыт сөйлеп, айналаны ластап, тұрмыстық қалдықтар тастаған азаматтар төрт мың теңгеден он жеті мың теңгеге дейін айыппұл төлейді немесе он бес тәулікке қамалады. Сондай-ақ, 336-бап бойынша қоғамдық орында алкогольды ішімдік ішіп, мас күйінде жүргендерге үш мың теңгеден жоғары көлемде, 336-1-бабы бойынша көпшілік жерде шылым шеккені үшін 1,6 мыңнан сегіз мың теңгеге дейін, тыныштық бұзғаны үшін үш мыңнан сегіз мыңға дейін айыппұл салынады. Бұл жазаны қатаң санайтындар мәселенің екінші жағын да ескергені дұрыс болар еді. Айталық, туып-өскен еліне, жеріне деген шынайы сезім оның әрбір

бөлшегі мен бұтасын құрметтеуден басталса керек», – деп ойын заң жүзінде дәлелдеді.

Ал, эдвайзерлік сағатта алғашқылардың бірі болып сөз алған топ басшысы Мерей Лесхан: Қала ішінде қоқыс жәшіктері барлық жерде бар деуге болады. Шеткі аумақтар мен шалғай ауылдардың кейбірінде контейнерлер мен жәшіктер орнатылмаған. Дегенмен, мәселе біртіндеп шешімін тауып келеді», – десе, келесі студент Досжан Балабекұлы: «Қаланың тазалық жағдайын қарауға арналған кезекті рейдті студенттер арасында жүргізу керек», – деді.

Байқағанымыз, қоғамдық орындарда заңбұзушылыққа жол беретіндердің көбі – жастар. Олардың көпшілігі өздерінің тәртіпсіз қылықтары үшін заңға сәйкес жазаланатынын білмейтін болып шықты. Кердең басып, темекі тартып, шырты түкіріп өткендер сонысы арқылы маңайына тегіс зиян келтіретінін бір сәт ойласа нетті?! Ашық эдвайзерлік сағатта студенттер осындай мәселені көтеріп, ой бөлісті.

Табиғат ТӨЛЕГЕНТЕПІ,
журналист

ҚазҰУ мерейтойына арналған байқау

өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80-жылдығына орай үздік мерейтойлық рәміздердің нобайына байқау жарияланады. Байқауға барлығы қатыса алады. Ең үздік жұмыс арнайы сыйлықпен марапатталады.

Жұмыстар (нобайлар) 20 сәуірге дейін ҚазҰУ-дың баспасында электронды түрде CDR және PSD форматта қабылданады.

(Мөлдір Өміртайқызы,
тел.: 8 (727) 377 34 11,
8 707 261 2931,
info@magkaznu.com)

27 марта 1994 г. решением Ученого совета университета Президенту РК Н. Назарбаеву присвоено звание почетного профессора КазНУ им. аль-Фараби

Баспагер-редактор – шығармашылық мамандық. Қаламгер үнемі шығармашылық ізденісте жүреді. Журналистика факультетінде жиырмаға жуық студенттердің ғылыми және шығармашылық клубтары мен үйірмелері бар. Қаламгерлер қанаттанған алтын ұяда қалыптасқан, дәстүрлі, тарихы терең тағлымды шығармашылық үйірмелер мен клубтар, бірлестіктер бар. Солардың бірі әрі бірегейі – 1934 жылы негізі қаланған М. Сералин атындағы әдеби бірлестік жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарларды баптау дәстүрінен танған жоқ. Ауыздығымен арпалысқан шын жүйріктер аталған бірлестікте шындалып, бүгінде ірі бұқаралық ақпарат құралдары тізгінін ұстап отыр. 2001 жылдардан бері бірлестікке белгілі қаламгер, публицист, ұстаз Сағатбек Медеубекұлы жетекшілік жасап, бірлестік мүшелері «Жасын» қабырға газетін шығарып келді. Қазір шығармашылық бірлестік жетекшісі – ақын Мұрат Шаймаран.

Факультетте тағлымды тарихы бар шығармашылық бірлестік негізінде ғылыми-шығармашылық үйірмелер мен клубтар саны көбейіп келеді. «Жақсыдан шарапат» дейді халқымыз. Ғалым, ұстаз, қаламгер Сағатбек Медеубекұлы «Баспа ісі және дизайн» кафедрасына меңгеруші болып тағайындала салысымен, студенттерге баспагер мамандығының қыр-сырын терең меңгерту мақсатында «Баспагер» студенттер шығармашылық үйірмесін құрып, «Баспагер» оқу-тәжірибелік қабырға газетін жарыққа шығарды. Қолына қалам алып алғашқы мақалаларын «Баспагерге» жаза бастаған қаламгерлер, бүгінде факультеттің магистранттары және еліміздің белді БАҚ тілшілері. Ай сайын шығып тұратын газеттің редакторы, 2-курс студенті Досжан Балабекұлының идеялары тың, жоспары жұмыр, мақсаты мығым. Қабырға газетінің негізгі бағыты – студенттердің шығармашылығына қолдау көрсету. Олардың шығармашылықтарын газет



тәжірибесіне бейімдеу. Бүгінгі күні қабырға газетінің «Ақпараттар ағыны», «Отандық баспалар», «Жыр отау», «Мәдениет», «Тылсым дүние», «Баспагер» фотокөрмесі, «Темір-қазық», «Баспа ісінің түсіндірме сөздігі», «Сән мен сымбат», «Бастау», «Жүректің үні», «Технология», «Тіл-ұлттың жаны», «Қала тынысы», «Талбесік», «Оймен өткен 15 минут», «Әдебиет» сынды басты айдарлары бар.



Қаламгерлік пен редакторлықтың ұстаханасы – ол газет редакциялары мен баспалар. Факультеттегі баспа ісі және дизайн кафедрасының шеберханасында шағын редакция құрып, оқу-тәжірибелік басылымдарды студенттердің өздеріне шығарту арқылы кәсіби білікті қаламгерлер



дайындап шығарамыз. Сондай-ақ «Student» оқу-тәжірибелік басылымының Алматы қаласы, бүкіл республика студенттерінің сүйікті газетіне айналуына мүмкіндік бар. Себебі студенттің әлеуметтік, психологиялық, рухани-эстетикалық проблемаларын қозғайтын бірден-бір басылым болмақ. Оның айғағы – газет редакторы, тілшісі, дизайнері, корреспонденті – студенттердің өздері. Студенттің проблемасын олардың өзінен артық ешкім біле де, жаза да алмасы ақиқат.

Оқу-тәжірибелік басылымдар студенттердің кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, басылымдар тиражын көбейтуге, оқырман тартуға, БАҚ нарығына шығуға ынталандырады. «Демек, студенттердің шығармашылық үйірмелері мен клубтары негізінде студенттік бизнес-инкубаторды дамытуға жол ашық.

Мәрия МАЙЛЫҚТОВА,
«Қаламгер» студенттер
шығармашылық
үйірмесінің жетекшісі

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Осы тұрғыда Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Баян Ермекбаева факультеттің белсенді студенттерімен кездесу өткізген болатын. Кездесуге Экономика және бизнес жоғары мектебінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары бойынша деканның орынбасары Лейла Бимендиева, «Жастар ұйымы комитетінің» төрағасы Нұрлан Әбдіқадыров пен «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы Айдана Сыдықова, Экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттік деканы Нарбай Ақмарал, 2012-2013 жылдардағы студенттік деканы Асқар Әскеров, әр топ старосталары және басқа да белсенді студенттер қатысты.

Жалынды жастар – ертеңгі ел болашағы

Кездесуді факультет деканы «Ақыл-алымдық пен іскерлік біріккенде ғана іс алға басады, өнеді-өседі, ал жеке-жеке болса, ешқандай нәтиже шықпайды», «еңбектің жемісі дорбалап келмейді, шым-шымдап келеді, төзімділік пен сабырлық қажет» деген сияқты өсиет сөздерге негіздей өз жастық шағынан мысал келтіріп бастады.

Кездесу барысында студенттер де белсенділік танытып, сұрақтарына толықтай жауап алды.

Сонымен қатар, осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Экономика және бизнес жоғары мектебінің 2012-2013 жылдардағы студенттік деканы Асқар Әскеров жылдық хаттамасын баяндады. Баяндама негізінде факультетте қалыптастырылған алты ұйым («Сұңқар», Сенат, Студенттік Кеңес, НСО, «Көмек», НСББП) мен төрт клубты («Mils», «Мұрагер», «ҚазҰУ рекордтар клубы», «Айгерім») таныстырып өтті. Және де ҚазҰУ-дың негізгі әлеуметтік инновациялық жобаларына, яғни, «Айналанды нұрландыр!», «Культ здоро-

вого тела, «КазНУ - GREEN CAMPUS», «100 кітап» жобаларына факультет студенттері белсене қатысқандығын мәлімдеді. Сонымен қатар, ұйымдардағы және жалпы факультеттегі активист студенттердің санын соңғы үш жыл бойынша салыстырмалы түрде көрсетіп, болашақта бұл көрсеткіштердің одан әрі жоғарылауына жұмыла атсалысу керектігін тілге тиек етті. Баян Жүндібайқызы «егер интертейч мүшелері білімі төмен студенттердің деңгейін көтеру бойынша жұмыстар атқарып, нәтижесін көрсетсе сол студенттерді курстық жұмыстан немесе студенттің өзіндік жұмысына ең жоғарғы балл неге қоймасқа» деп Асқардың көкейлі ұсыныстарын мақұлдады. Солардың тағы бірі факультет студенттерінің ұсынысы бойынша әр бейсенбі «Көшбасшылар мектебі» сабақтарын жүргізу болып табылады.

Айзада ЖОЛДАСОВА,
Экономика және бизнес
жоғары мектебінің 3 курс студенті

ТҰЛҒА және ҚОҒАМ

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында ҚазҰУ-дің тарих, археология және этнология факультетінде дөңгелек үстел өтіп, жоба жайлы тарихшылар, Экономика және бизнес жоғарғы мектебі, заң факультетінің белсенділері ойларын ортаға салды. Сонымен қатар, арнайы шақырылған қонақтарымыз тарих ғылымдарының докторы Б. Сайлан, ішкі істер подполковнигі Д.Қасқырбайқызы, Қ. Кәрібаев ағамыз, журналист М. Таубалдиев, «Ел тұтқа» жастар клубының төрағасы Е. Төребайұлы, т.ғ.к Э.Телеуова, т.ғ.к К. Әбікенова, А. Оразбаева қатысты.

Осы шара аясында тарих факультетінің студенттері әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», Асан Қайғының «Жерұйық идеясы», Томас Мордың «Утопиясы» еңбегіндегі тұлға және қоғам мәселесін көтерді, сонымен қатар студенттер арасында жасалған сауалнамамен таныстырды. Тұлға дегеніміз кім? Тұлға деп кімді есептейміз? Тұлға болып қалыптасу үшін қандай құралдарды пайдаланамыз? деген сұрақтар төңірегінде студенттер және қонақтар өз ойын ортаға салды.

Алғашқылардың бірі болып өз ойын ортаға салған Дина Қасқырбайқызы:

«Тұлға болып қалыптасу үшін қажетті құрал – кітап» деп көрсетсе, журналист Мейрамбек Таубалдиев: «Әлеуметтік жағдай жақсармай, рухани құндылық ашылмайды» деп баса атап өтті.

Тарихшы студенттер Г.Егембердиева, М.Өмірбайұлы, А.Текеев, М.Шалқаров тұлға болу үшін тәрбиелі білім, имандылық қасиеттерінің болу керек екендігін, бұл мәселеде ата-ананың және қоршаған ортамыздың, яғни достарымыздың ықпалы зор екенін айтты.

Курс студенті Ш.Нұрлыбек: «Қазіргі таңда тұлға болып қалыптасуға қоршаған орта әсер етеді. Мысалы, Тургеневтің «Отцы и дети» шығармасындағы баласының қалаға барып келіп өзгеріп кеткендігі, оның өзгеруіне оның досы әсер еткендігін атап өтті.

Ал экономика факультетінің студенті А.Демес: «Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Адам баласының бүкіл ғұмырындағы ең сенімді және ең сабырлы серігі – кітап», – деп атап өткеніндей, студент жастардың кітап оқуға ден қоюы бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Себебі, кітап оқығанда біз жүздеген кейіпкерді оқимыз және солардың өзімізге ұнамды тұстарын қабылдай аламыз», – деп өз пікірін білдірді.

Айтгүл МАНАТОВА,
Тарих, археология және
этнология факультетінің
3 курс студенті

19 наурызда география және табиғатты пайдалану факультетінде кәсіби стандарттары бойынша жоғары оқу орындары арасында семинар-кеңесі өтті

ҚазҰУ бағдарлы стратегияны бағытқа алып келеді



«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы халықтың әлеуетіне, тұрмыс-тіршілігіне терең мән берген жолдау. Бұл құжат болашақ Қазақстанның өркендеу жолын көрсетеді. Жолдауда әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері, ең төменгі әлеуметтік стандарт, атаулы әлеуметтік қолдау, өңірлердегі әлеуметтік теңгерімсіздіктер проблемасын шешу, жұмыспен қамту және еңбек саясатын жаңғырту, ананы қорғау, әйелдерге қамқорлық, баланы қорғау, ұлт денсаулығы, денсаулық сақтау саласындағы негізгі басымдықтар, балалар денсаулығын қамтамасыз етудің жаңа тәсілдері, медициналық білім беру жүйесін жақсарту және т.б. мәселелерді атап көрсетті. Демек, осы мәселелерді шеше отырып, біз еліміздің, халқымыздың болашағына жарқын көзқараспен қарай аламыз деген сөз.

Елбасы Жолдауында атап көрсеткен әлеуметтік мәселелер мен бағыттар бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде университет ректоры Ғ.Мұтановтың тікелей басқаруы негізінде түрлі іс-шаралар, жұмыстар жүргізіліп келеді. Университет ректорының басшылығымен бүгінде университетте ҚазҰУ студентінің білімді және парасатты тұлға болып қалыптасуына бағытталған төрт әлеуметтік жоба жүзеге асып келеді. Олар «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Айналанды нұрландыр!», «Саламатты дене мәдениеті» және «ҚазҰУ – green campus» деп аталады. Ал студенттер мен ұстаздардың білім әлемінде рухани құндылықтармен қамтамасыз етілуіне жағдай жасап, салынып жатқан «Әл-Фараби» кітапханасының күні ертең университет емес, республика, одан қалаберді Орта Азиялық үлкен кітапхана болары сөзсіз.

Қазақстандағы осынау көшбасшы жоғары оқу орнында бүгінде Қазақстан мен ТМД елдерінде бірінші болып мамандар даярлаудың әлемде қабылданған «бакалавр-магистр-философия докторы» тәрізді үш сатылы жүйесіне толық көшті, PhD докторларын сапалы дайындауда. Мен қазір осы университетте әлеуметтану мамандығы бойынша 2-курс магистратурасында оқудамын. 2011 жылдан бастап магистратурада оқыту Болон процесінің халықаралық стандарттарына сай келу мақсатында кредиттік-модульді амалға негізделеді. Бұл еңбек ресурстары нарығында сәйкес құзыреттілікке және жоғары білікті

мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді. Магистерлік диссертация тақырыптары, ғылыми жетекшілері және компоненттері кафедрамен, факультеттің Ғылыми кеңес шешімімен анықталып, ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Мамандық шеңберінде жасалатын университет магистратурасындағы білім беру бағдарламалары өзіне міндетті компоненттерді үйлесімді үйлестіреді, оны игеру барысында магистрантта іргелі базалық білім және қабілет қалыптасады және элективті компонент ғылым мен тәжірибенің өзекті бағыттары шеңберінде терең маманданған дайындықты жүзеге асырады. Эксперимент режимінен тыс жүзеге асатын мамандық бойынша оқу жұмыс жоспарлары мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары негізінде бекітілген типтік жоспарға сәйкес жасалады.

Бүгінде Елбасы Жолдауында айтылған мәселелер, осылайша, өз жауабын тауып келеді. Жолдауда айтылған әлеуметтік шешімдер бүгінде қайсыбір сала болмасын нақты істермен жүзеге асуда. Білім саласына көрсетіліп жатқан жаңалықтар да мамандардың сапалы даярлануына мүмкіндік беруде. Бұл тұрғыда біздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жасап жатқан жобалары мен іс-шаралары, тыңғылықты жоспарлары біз секілді мамандардың болашағын жарық етіп, білім көкжиегіне нұр себері сөзсіз.

Элмира ИЛЬЯСОВА,
ҚазҰУ әлеуметтану мамандығының
2 курс магистранты

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан 2050» стратегиялық жолдауының «XXI ғасырдағы дін» атты тарауында Қазақстан қоғамындағы діни мәселелерге айрықша назар аударған. Жастардың діни ағымдарға арбалуды қазіргі таңда қоғамда алаңдаушылық туғызып отыр. Бүгінгі таңда Қазақстан халқы үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселелерінің өткір тұрғанын ескерте келе Елбасымыз былай деді: «Біздің Конституция сенім бостандығына кепілдік береді, бұл – факт. Бірақ, өздеріңіз білетіндей, шексіз еркіндік деген болмайды. Ол дегеніміз – хаос. Барлығы да Конституция мен заңдар аясында болуға тиіс».

Елдігіміздің беріктігі – дініміздің тазалығына байланысты

Жалпы барлық дін зорлық – зомбылыққа, күш қолдануға қарсы. Мұндай әрекеттерге теріс пиғылды діни ағымдар барып жатады. Террорлыққа, экстремистік әрекеттерге шақыратын діни ағымдарға көбіне көп діни сауаты жоқ азаматтар мүше болады. Олар дінді терең түсінбегендіктен, фанатизмге ұрынады. Осыларды санамалай келе Елбасымыз «Біз Жаратушыға деген кіршіксіз сенімнің агрессиялы және қырып-жойғыш фанатизммен алмасуына жол бермеуіміз керек. Соқыр фанатизм біздің бейбіт сүйгіш халқымыздың психологиясы мен діліне мүлде жат. Ол Қазақстанның мұсылмандары ұстанатын Ханафи мазһабына қарама-қайшы» – деді өз жолдауында.

Мәзһаб – жол, бағыт, көзқарас деген мағынаны білдіреді. Арнайы тәсілдер, ережелер арқылы Құран мен сүннеттен шығарылған үкімдер мен көзқарастар жиынтығы. Діннің басты тұжырымдарына келгенде барлығы бірдей ауызбіршілікте. Ислам ілімінің негізі болып табылатын Құран мен хадистерді кез келген адамның өздігінен оңайшылықпен түсіне алмасы анық. 10 адам оқып, 10 түрлі түсінікпен қабылдауы мүмкін. Салыстырмалы түрде зерделеп қарамай, тура мағынасында түсінуі де ықтимал. Сондықтан да бұл мәселеге келгенде дін ғұламаларының еңбектеріне, шариғаттық түсіндірмелеріне сүйенген жөн. Сол себепті де біз мәзһаб ұстанамыз. Құран Кәрімнің өзінде: «Білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар» – деп, білім иелеріне жүгінуді жүктеген.

«Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді», – дейді халқымыз. Сондықтан да қазақ халқы жұмылған жұдырықтай бірігіп, руханиятымызбен тұтасып кеткен дәстүрлі мәзһабымызды ұстанғаны абзал.

Нұрзат МҰҚАН,
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы;
Елнұр ӘСКЕНҰЛЫ,
Дінтану мамандығының
2 курс студенті

Ардагерлерге құрмет – отансүйгіштік негізі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты – «Қазақстан - 2050» стратегиясында қазақстандық патриотизмді нығайту міндетін қойып, Отанын сүйетін жастарды тәрбиелеу білім ошақтарында педагог-ұстаздардың негізгі міндеті болып табылатындығын ерекше атады. Өйткені қашанда білім мен тәрбие егіз. Ал тәрбие негізі Отанды сүйуге баулу болып табылады деп көрсетті Елбасы.

Жастарымызды патриоттық рухта тәрбиелеу тәуелсіздігіміздің негізі екендігі анық. Осы тұста жақында Тарих, археология және этнология факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасы ұжымы Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу ұйымдастырды. Елбасының Ауған соғысы туралы: «Ауған соғысында қыруар қаржы шығындадық, мындаған өмір қиылды, бәрібір кеңес әскеріне бұл елді тастап шығуға тура келді. Халық үшін бұдан асқан қасірет бар ма?» - деген ойлы сөзі бар. Бұл соғыста 18-19 жасар

өрімдей жас жігіттер жазықсыздан-жазықсыз құрбан болды. Бүгінгі жастар өздеріндей жігіттердің Отан алдындағы борышын адал орындағандарын ұқсын, олардың патриоттық сезімінен тағылым алсын деген ниетпен кездесу өтті.

Кездесуге Ауған соғысының ардагерлері Б. Сайлан, Қ.Қ.Әсіп, Қ.М.Жетібаевтар қатысып, студент жастар мен оқытушылардың соғысқа қатысты көкейкесті сұрақтарына жауап берді. 1979-1989 жж. 10 жылға созылған сұрапыл соғыстың ащы шындығы мен қиындықтарын айтып берген соғыс ардагерлері Отан алдындағы борышын орындау мақсатында осындай қадамға барып, барлығына мойынұсынғанын баяндады. «Ауған соғысының ақиқаты» атты еңбектің авторы, Ауған соғысының ардагері Болат Сайлан сөз алып, 1978 жылы Ауғанстанда сәуір айында төңкеріс болып, оның арты аяқталмас соғысқа айналғанын атады. «Бұл қасірет елдің тек өз ішінде ғана емес, оған сырт мемлекеттердің қатысуымен де ұзаққа созылды. 1979 жылы кеңес әскерлерінің шектеулі контингент Ауғанстанға кіріп, 10 жылға жуық соғыс жүргізді. Оған әр елден,

сондай-ақ 22 мың қазақстандық қатысты. Ауған соғысы – КСРО Қарулы Күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. Ауған соғысы – жүректе жазылмайтын, тарихта ерекше орын алатын беттер...», – деп еске алған ардагер бұл сұрапыл соғыста қазақ жауынгерлерінің ерлік істері мен айбынды әрекеттерін сөз етті. Ал Ауған соғысы ардагері Қ.Қ.Әсіп: «Соғыс тылында жүрген тұста, ең бастысы, жауынгерлердің Отанды қорғау қажеттілігін сезіну, соған сай әрекет жасау, әрине, оған табандылық пен жігер қажет», - деп жастарды айбынды болуға шақырды.

Студенттер сұрақтар қойып, ардагерлер ерлігіне тамсанып, өлең жолдарын да арнады. Әр халықтың, әр адамның қасиетті борышы – Отаны үшін жанын пайда қылған азаматтарын мәңгі есте сақтап, құрметтеу, жас ұрпаққа отансүйгіштіктің үлгісі ретінде насихаттау екенін ешқашан ұмытпайық.

Г.Е. АБИКЕНОВА,
«Қазақстан тарихы»
кафедрасының доценті

ҚазҰУ-да 3 сәуірде Темпус QUEESA жобасының бірінші «Орталық Азиядағы инженерлік білім беру сапасы» атты форум өз жұмысын бастайды

«ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢҒЫРТА ОҚЫТУҒА» ТИІСПІЗ...

Білім жетілдіру институты мен мемлекеттік тіл кафедрасының ұйымдастыруымен жақында «Мемлекеттік тілді оқытудағы инновация: жаңа үрдістер және модульдік технология» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар болып өтті. Семинарға Атырау Мұнай және газ институтынан Райхан Сағитжанқызы, Күлән Болатқызы, Алматы Энергетикалық және байланыс университетінен Эльмира Тұрсынқызы арнайы қатысты. Сондай-ақ Шымкент, Алматы ЖОО оқытушылары мен ғалымдары атсалысты.

Семинарда қазіргі білім жүйесіндегі тілдік құзыреттілік, қазақ тілін оқытудың виртуальды жүйесін жетілдіру, Қазақстандағы мультилингвизм: тіл саясаты және мемлекеттік тілді жаңғырту мәселесі, қазақ тілі оқулықтары мен оқу құралдарындағы жаттығулардың түрі және берілу жолдары, модульдік оқыту және қазіргі инновациялық әдістер, мемлекеттік тілде іс қағаздарын оқытудың модульдік технологиясы сияқты мәселелер ғылыми талдауға түсті.

Екі күнге созылған семинар жұмысы «Үздіксіз оқыту жүйесі: Қазақ тілі – кәсіби қазақ тілі бір кешен» атты дөңгелек үстелмен жалғасты. Дөңгелек үстелге модератор болған филология ғылымдарының докторы, профессор А.Салқынбай қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде оқытылуы мен оны жаңғырту жолдарына тоқталды. Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз» деген сөзіне сүйене отырып, бүгінгі таңдағы қазақ тілін оқытудың келелі мәселелеріне қозғау салу қажеттілігін тілге тиек етті.

Үздіксіз білім беру – әртүрлі бағытта қарастырылатын күрделі ұғым, өйткені нысанның сапалық өзгерістерінің аралық белгісін ажырату «нүктесі» анықталмайды, тек адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы мен байланысы негізінде ғана танылады, білінеді. «Білім» ұғымының өзі оқыту қызметі мен оқудың нәтижесі ғана емес, сонымен бірге жеке адамның даму процесі де екенін атап өте келе, «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің оқытылуын «Қазақ тілінің» заңды жалғасы ретінде тани отырып, бұл пәндерді бір модульдің ішіндегі үздіксіз білім беру аясында қарастыруды жөн

санайтынын жеткізді.

Елбасының қазақ тілін жаңғыртуды күн тәртібіне қоюымен байланысты, тілді оқытуды заман талабына сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу қажеттігі де дөңгелек үстелде қозғалды. Мемлекеттік тілді тек орыс топтарында ғана емес, филологиялық емес мамандықтарда да оқытып, кәсіби мамандығына орайластырып, тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін көтеру керектігі аталып өтті. Мәселен, жапон тілі филологиялық емес топтарда 4 жыл үздіксіз оқытылса, Польшада поляк тілі 3 жыл, Испания жоғары оқу орындарында да испан тілі 2 жыл оқытылады т.б.

Әлемдегі кез келген мемлекеттегі университеттердің бағдарламасында сол мемлекеттің тілін оқытудағы кредит саны өзге тілдерді оқытудың кредитінен аз болмайды. Сондықтан қазақ тілі мемлекеттік тіл саналатын Қазақстан Республикасында да қазақ тілін оқыту ісі жаңғыртылуы қажет екенін Республикалық семинарға қатысушылар түгел қолдады. Қазіргі таңда көптеген Жоғары оқу орындарында Мемлекеттік тіл кафедралары жабылып, орыс тілімен бірігіп кеткені жасырын емес. Мұндай фактілердің орын алуының мәнісі түсініксіз.

«Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек» – деген ұлт көшбасшысының сөзін іс жүзінде жүзеге асырудың бір жолы осы делінді семинар қорытындысында.

Сара НӘЛІБАЕВА,
Лингвистикалық құзыреттілік
орталығының директоры

Бүгінгі жаһандану уақытында күнделікті жаңа серпіліс, жаңа өзгерістер, тың идеялар туындауда. Ал бүгінгі жастарымыз қаншалықты дайын? Осындай бір үдеріске ҚазҰУ-лықтардың қосар үлесі зор. Шетелге барып оқу әрқайсымыздың да жүрегімізде жүрген бір арман деп ойлаймын. Осы арманға мені жетелеп келе жатқан ҚазҰУ-ым. Бүгінде «Болашақ» Халықаралық Президент стипендиясына ие болуым, білімімді шыңдаған экономика және бизнес жоғары мектебі менеджмент және маркетинг кафедрасына айтар алғысым зор.

Болашаққа жол ашқан ҚазҰУ-ым!

Осы тұста шетелге бару үшін шет тілін меңгеру тұрғысынан да еңбектену керек. Гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілі кафедрасының бұл тұрғыдан рөлі зор. Мысалға, университет табалдырығында ағылшын тілінде «Project work», «Presentation», «Case Study», «Analysis of the article» сияқты үлкен ауқымды жұмыстарды үйретуде, кәсіби түрде дайындауда кафедра

ұстаздарының үлесі қомақты. Барлығы тікелей ағылшын тілінде жазу-сызу, сөйлеу, ойлау, тіпті, кейде шетелдегі аудиторияда отырмын деген ой да келеді. Мұндай механизмнің болуы, менің ойымша, жастарымызға өте тиімді. Ертеңгі күні шетелде тәжірибе жинақтап, білімімді, күш-қайратымды Отаныма жұмсаймын!

Әлия ҚАРАҚОЖАЕВА

Патриот деген ұғымды әркім өзінше қабылдайды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жастары қазақ елінің нағыз патриот жастары екенін сенбі күні биология факультетінің үлкен залында тағы бір дәлелдеді. Өз ұрандарын «Алаш Ордасы» (№13 жатақхана), «Қара шаңырақ» (№17 жатақхана), «Мұрагер» (№1 жатақхана), «Жас алаш» (№5 жатақхана), «Жеті қазына» (№7 жатақхана), «Азат» (№8 жатақхана) және «№9 жатақхана студенттері», «Самұрық» (№16 жатақхана) деп атаған, жүректері қазақ деп соққан қазақ жастары өз өнерлерін ортаға салды.

«Біз еркін елдің патриоттары»

Жатақханалар арасында өткен жастардың басты ерекшелігі мұнда қазақ халқының сонау ашаршылықтан, Ұлы Отан соғысынан көрген қайғы-қасиеттерін, одан бері Егемен еліміздің тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін бір көрініспен 15 минутқа сыйдырып, өз шеберліктерін, ой ұшқырлықтарын ортаға салды. Тарих парақтарын көзімізге елестеткен көріністер жанарымызға жас үйірді. Қазақ әндері шырқалып, әдемі биші қыздардың билерін көріп көңіліміз бір көтеріліп қалды.

Жатақхана екінші үйі болған студенттер бар күш-жігерлерін салып өз жатақханасы үшін аянбай өнерлерін көрсетті. Осыған қарап жатақхана студенттері бір отбасының тату-тәтті тәрбиелі, намысшыл, білімді, ел сүйсінп қарайтын ұл-қыздары, болашағынан үлкен үміт күткізетін жастары дерсің.

Ерекше дайындықпен келген «Жас алаш» тобы, «Самұрық» тобын, «Алаш орда», «Мұрагер» топтарын ерекше атап өтуге болады.

Өз жатақханасын, өз факультетін құрметтейтін осындай тәрбиелі ұрпақты одан әрі тәрбиелеп, білімдерін шыңдап жатқан ҚазҰУ ұстаздарына және де осы «Патриоттар» клубының жетекшісі аға буын өкілі, физика-техникалық факультетінің профессоры М.Е.Өбішев мырзаға және де аға оқытушы Э.М.Зульбухароваға мыңда-бір алғыс білдіргім келеді.

Сандуғаш КЕМЕЛЖАНОВА,
Физика-техникалық факультеті
Теориялық және ядролық
физика кафедрасы
104-ші топтың
куратор-эдвайзері

Мектепке "Десант"

"Десант" деген сөзге мен беретін болсақ, француз тілінен аударғанда орысшасы "высадка", ал қазақ тілінде (түсіру) яғни, мектепке бір мақсатпен келу деген ұғымды білдіреді. Бұл термин көбінесе әскери салада жиі қолданылады. Сондықтан да оқырмандарға түсінікті болу үшін ғана саралап көрсеткенді жөн көрдік.

Күні кеше биофизика және биомедицина кафедрасының ұжымы Алматы қаласының Жетісу ауданына қарасты №118 мектеп-гимназиясына атбасын тіредік. Бұл жердегі басты мақсатымыз осы мектептің жоғары сынып оқушыларымен кездесіп, болашақ кәсіби мамандығын таңдауға, өмірде өз орнын, яғни болашақ мамандығын таңдауға ақыл-кеңес беріп көмектесу болса, екінші мәселе әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Республикадағы ЖОО ішіндегі алатын орнымен, ғылым және білім беру саласындағы жетістіктері мен мамандар дайындау барысындағы жасалынып жатқан жұмыстары жайлы айту болды. Сонымен қатар Елбасының 2050 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарында көрсетілген, оның ішінде Қазақстандағы жастарға сапалы, бәсекеге қабілетті мамандар дайындауға арналған талаптарды іске асыру жайлы мәліметтерді кафедра меңгерушісі С.Т.Төлеуханов толық түсіндіріп берді.

Профессор Н.Торманов мектеп оқушыларына және биология пәні мұға-

лімдеріне өзінің университет қабырғасында алған ұстаздық тәжірибесін, пәнді оқыту инновациялық әдіс-тәсілдері жайлы еңгімелеп берді. Сонымен қатар жоғары сынып оқушыларын ғылыми жоба жасау арқылы ғылыми жұмыстарды жүргізуге және Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындықты өткізуге көмек көрсетуге дайын екендігін білдірді. Нәтижесінде 8, 9, 10 сынып оқушылары өздерінің ниеттерін білдіріп, бұдан былай тығыз байланыста қарым-қатынасты үзбей жалғастыруға келісім шарт жасалынды.

Доцент А.Б. Еланцев биология және биотехнология факультетіндегі ғылыми салаларға, қандай мамандықтар дайындайтынымызды, кредиттік жүйемен оқу үрдісін өткізу және факультеттің ішкі құрылымы мен дүниежүзінің басқа елдерімен ғылым, білім беру барысындағы қауымдастығы жайлы еңгімелеп, талапкерлерді біздің университетімізге келіп оқыса өкінбей, өмірден өз орнын қиналмай таба алатындығын түсіндірді.

Кездесудің соңында мектеп директоры Ж.Итемгенова ұжымының және оқушылардың атынан мазмұнды, қызықты өткізілген сұқбаттасудың нәтижесіне ризашылығын білдіріп, университет басшыларына, кафедра ұжымына осындай кездесуді одан әрі қарай жалғастыруды қалап алғысын білдірді.

Н.Т. АБЫЛАЙХАНОВА,
Биофизика және биомедицина
кафедрасының оқу ісі мен тәрбие
жұмыстарының орынбасары,
б.ғ.к., доцент

Объявлен конкурс на лучший эскиз юбилейной символики, посвященной 80-летию КазНУ

Ғ.Мүсіреповтың
«Ұлпан» романынан үзінді

*«Әйел тұрмай,
еркек оянбайды».*

Қазақ мәтелі.

III бөлім, 86-бет.

... – Ал жас келін, енді ауылға дейін жаяулап барасың...
Келін болып сынықсыған түрінді де бір көрейінші сенің... – деді
Есенеі пәуескеден түсе берген Ұлпанға.

– Сол сынықсу дегенің менің қолымнан келер ме екен деп
өзім де қорқып келем... Тек, сен қарамайтын бол маған, жарай
ма?

– Жарайды.

Келінді қарсы алуға шыққан қыз-келіншектер тобына
жақындаған соң, Есенеі Ұлпан мен шешесін пәуескеден түсірді
де, өзі ауылына қарай жүріп кетті. Пәуескеден кейін, тарантасқа
келе жатқан Ұлпанның жақын жеңгелері де сол жерде түсіп
қалды. Есенеідің салт келе жатқан жиырмаға тарта жолдас-
тары да ауылға қарай тура тартты.

– Бұл жұртта есектің миындай ми болсайшы. Шымылдық
алып шығыпты, түге... Есенеідің бөйбішесі өз үйіне өзі
шымылдық бүркеніп келіп кіреді дей ме екен? – деп ойлады
Есенеі.

– Жасыл-көк шымылдықты екі бақанға керіп ұстап, иісі
Сибанның қыз-келіншегі Ұлпанның алдынан шығып еді.
Шымылдық алдында қос қабат барқыт қамзолдың сыртынан
көк жібек тысты пұшпақ ішік киген Айтолқын-Еменалының
әйелі, бойы шарғылау, бөктеріншектілеу болған соң, бүгін
жаулығын биігірек етіп салыныпты. Екі жағындағы екі жас
келіншек жазғытұрғы жылынған күннің райына қарай жеңіл
киінген, оқаланған сәукеле, жеңсіз қамзол, қос етек көйлек.
Үшеуі де қабырғаласып өте берген Есенеідің пәуескесіне
беттерін бұрып, бір тізерлеп сәлем етті. Пәуеске, әрине, үн
қатқан жоқ.

Мәңгі жасар бейне

АНА. Дәл осы үш қана әріптен құралған сөзде, терең мағына, қымбат сезім, асыл қазына жатқандығына ешкімнің де күмән келтірмесі айдай анық. Аналар бейнесін жырына қоспаған ақын, шығармасына қоспаған жазушы жоқ шығар сіре?! Дей тұрғанмен, аяулы аналар жайында шығармалардың қаншамасын оқысақ та, Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы жүрегіміздің төрінде тұратыны сөзсіз. Сондай-ақ, қазақ әдебиеті, оның ішінде аналар жайында шығармалар десек, кез келген оқырман ойына Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы ораларын еріксіз мойындауымыз керек.

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов - ұлттық сөз өнері тарихындағы зор тұлға. Оның әйгілі әңгіме, пьеса романдары ел өмірінің ең бір елеулі кезеңдерін дала азаматының рухани өзгерісін, қилы қилы қия бөлін бейнелейді. Таза сезімді, азаматтықты жырлап өткен қалам иегері Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» романына тоқталсақ.

Ұлпан аналардың анасы, ел билеген көсем, сөз бастаған шешен, қоғам қайраткері. Ұлпан- сөзі куәлі, ойы дуалы бөйбіше. Ол барша жұртты ауызына қаратқан әулие ана. Ұлпан өмірден көп қиыншылық көрген адам. Ол қазадан кейін күйеу баласы Торсанның өзіне көрсеткен қорлығына шыдамай, өз өзіне

қол жұмсап, бұл дүниемен қош айтысады.

Бір уез елге билік айтушы, дүйім елдің үлкен кішісіне басшы ақылгөй болу Ұлпан сияқты дана әйелдерге ғана тән қасиет. Бұл шығарма, мұндай кейіпкерлер, яки Ұлпан бейнесі тарихта болғандығымен ерекшеленеді. Кейінгі буын, яғни жас жазушы, ақындар «Ұлпан» романын оқи отыра көптеген тәжірибе жинап, оқырманына жақсы шығармалар ұсынар деген үмітіміз де басым.

Адал жар, аяулы ана, ибалы келін, ғажап ару тәрбиелейтін әрбір қазақтың шаңырағының кітап сөресінде, ана бейнесін қаламгер, Ғабит Мүсірепов шебер жеткізген Ұлпан романы табылу керек.

Ұлпандай ана дәл сол күйінде қайталанбасы анық. Дегенмен, Ұлпандай данагөй, ақылдылығын бұл өмірден табуға болар. Қазіргі заманымыздағы батысқа еліктеуші аруларымыз осы романды оқыса, ойлары мен көзқарастарын толық өзгертері анық. Ұлпан бейнесі баршаға үлгі, сондай-ақ ескірмейтін, яғни әрбір жаспен бірге өмір сүретін мәңгі жасайтын бейне! Себебі данагөй ананың бейнесі тарихта мәңгі қалды.

Маржан БӨРІБАЙ,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ
механика-математика факультеті
3-курс студенті

Ұлы жүректен туған «Ұлпан» романы

Менің Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ әйелі» (1982) деген кітабын Фурманов пен Абай көшесінің қиылысында орналасқан кітап дүкенінен сатып алғаным есімде. Мен оған жиі баратынмын. Өйткені бұрын Пушкин аталатын кітапханаға бара жатып, оған соқпай кетпейтінмін. Ал, аталған кітап авторын тұңғыш көруім – жазушының мерейтойы үстінде. Ол кезде мен төл университетімізді бітіріп, «Жазушы» баспасында жұмыс істейтінмін. Баспаның сол кездегі директоры Әбілмәжін Жұмабаев Жазушылар Одағында өтетін мерейтойға арналған салтанатты жиында өзімен бірге ере жүріп, жазушыға үп-үлкен себеттегі гүл шоғын сыйлауды маған тапсырды. Өйткені мен баспаның ең жас қызметкері едім. Осылайша, мен асыл адамға ілтипат білдірдім. (О-о, ол кезде жазушы, ақындарды, кітап дегенді қалай қастерлеуші едік!) Иә, Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ әйелі» кітабының ішінен «Ұлпан» романын құмарта оқығаным да есімде...

Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы патша отаршыларының қазақ жеріне дендеп кіре бастаған кезеңіндегі жағдайларды суреттеуден басталады. Жазушының сөзімен айтқанда, Кенесарыны хан сайлауға Аманқарағай дуанына қарайтын елдердің көнбей жатқан кезі. Аманқарағай дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов болса, романның бас кейіпкерінің бірі – Есенеі сол билік кеңесінің ең беделді биі. Жазушы оқырманға тарихи-кезеңдік жағдайлардың тынысын кейіпкерлерінің іс-әрекетін, бір-бірімен қарым-қатынастарын сипаттау арқылы аңғартып отырады. Рулық қоғамға тән сурет келеді көз алдыңызға: жайылым, жерсуға талас көріністері Атышулы Шыңғыс төренің өзі «тұра келіп амандасатын» Есенеі би Артықбай батырдың қызы Ұлпанмен сондай бір «қақтығыста» – арызын айта келген тұста ұшырасқан еді. Қазақта ол кезде сөз сайыстырудың күші қарулы қақтығыстан да зор болғаны белгілі. Қыр басында тұрған Есенеі тобына жақындап келіп, үш ауыл кірме Күрлеуітті жайылымнан қыспауын сұрап, арыз айтқан «бала жігіт» Ұлпан еді ғой. Жазушының суреттеуінше, «бет аузына кісі тура қарай алмайтын қара шұбар, батыр денелі, биік бойлы адам кеудесінен ғана көлетін Есенеіге «көз қиығын серле тастап», асқақ сөйлеген Ұлпан қыз о баста өжеттігімен, шешендігімен көзге түседі.

Есенеідің ойына өзін өмірлік қарыздар санайтын досы Артықбайдың қызы Ұлпанның кіргендегі мазақ халін жазушы нанымды детальдармен суреттейді. Романда жазушы шеберлігі танылатын тұстар көп. Ұлпанды айттырып келуші оспадарлардан ажыратып алушы да – Есенеі, жасында адуын, озбыр болған би. Енді діндарлау.

Ұлпан ат үстінде ойнап өскен қазақ қызы, аңшылық өнеріне де қанық. Жазушы Ұлпанның анасына ұқсаған тұр-тұлғасын да, жан әлемінің пәктігін де келісті кестелеп, психологиялық пор-

третін динамикалық тұрғыда дамыта кемелдендіреді.

Ақыры, «алпысқа келгем жоқ», «қатыным болса да, сүр бойдақпын» деген Есенеі Ұлпанды айттыруға досы «түрікпен» Мүсірепті аттандырады. Ұлпан Есенеіге қарсыласқан жоқ. «Ұлпан арзанға түспейтін қыз». Бұны тура мағынасында ұғуға болмайды. «Ұлпанда бір жұмбақ жымыс бар.» Есенеі соны біле алмай дағдарады. «Есенеідің малы жетер!» Бірақ Есенеі Ұлпанға келгенде озбырлық көрсетпек түгілі біртүрлі жұмсарып кетеді. Намаз оқып отырып, бір кездегі сәби Ұлпанды арқасына мінгізіп ойнатқаны да есіне түседі. Сонда баласы бар адамдардың бақытын сезініп еді. Ал... жұмбақ! Енді Ұлпанды әйелдікке алмақшы. «Мен үлкен үйге кіремін де, төрінде отырамын» дейді Ұлпан. Есенеідің жұмбағы Ұлпан да түсінеді: Есенеі тұсаулы да емес, тұсаусыз да емес. Есенеі алдыңғы әйелімен жеті жылдан бері бөлек тұрады. Есенеі мен Ұлпанның арасы қырық жас. Ұлпан Есенеідің құрығынан құтылмасын білді. Бірақ бөйбіше боларына көзі жетеді. (Сол кез үшін аса шошырлық жағдай емес шығар. Жас айырмасы көп жұбайлар қазір де бар ғой.)

Бірақ Ұлпан ел анасы Ақнар апа атанады. Елінің, жерінің қамын ойлайды, елдің ынтымағына, бірлігіне ұйытқы болады. Ұлпан – Есенеіге айналады. Есенеіден Біжікен атты қыз туады. Біжікен қайтыс болғаннан кейін, күйеу баласы Торсан Ұлпанға мейірімсіздік көрсетеді. Торсан өз атына лайық ел ішін де бүлдіріп бағады. Бір кезде Ақнар атанған Ұлпан қайғының қара кемесінде жалғыз қалады. Қарапайым елге қамқорлық жасаумен күн көшкен, Сибан жорығы тұсында қаһармандық танытқан ел анасының жасампаз істеріне қарсы тұрған жауыздар оны аянышты тағдырға ұшыратады. Ұлпан у ішіп өледі. Феодалдық қоғамның тығырығынан шығу ол кезде қиын екенін жазушының өзі де аңдатады.

Ел есінде Есенеі мен Ұлпанның жақсы істері мен ізгі қасиеттері қалады. Ұлпан – қырық құбылған қиын кезеңде ел ішінің ынтымағын сақтап, іргемізді жауға да, дауға да бермей, жапа шектіре келген заманның жауыздығымен де, ауыздығымен де алысып, жаңалығын ұрпағына үрдіс етіп қалуға жан аямаған, ел ырысын шайқалтпай, шалқытуды көздеген көреген, асқақ қазақ әйелінің образы. Ұлпан сияқты қазақ ханымдары көп болған. Публицист жазушы Сарбас Ақтаевтың «Қазақ ханымдары» деп аталатын кітабында олар жайлы көп деректер келтіріледі. Менің көз алдымда өз заманының қаһарманы, ұлы әйел Ұлпанның бейнесі тұрып қалды. Бұл – сөз зергері Мүсіреповтің ұлы жүрегінен туған теңдессіз, қайталанбас туынды.

Раушан ӘБДІҚҰЛОВА,
Қазақ әдебиетінің тарихы және
теориясы кафедрасының доценті,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі



Менің сүйікті ұстазым

Ұстаз... Оңашада отырып ұстаз туралы ойға кетсем, көз алдымнан арқарқын мінезді, жылы жүзді ұстаз бейнесі көрініп, алғаш қасиетті қара шаңырақ ҚазҰУ табалдырығын аттап, шығармашылық сынақ тапсырып «шіркін, оқуға түссем өкен» деп армандаған бал сәттерді еріксіз есіме түсіреді ...

5-шілде. 2010 жыл. Журналистика факультеті. 230-аудитория

- Жауап беруге бірінші боп қорықпай кіріпсің, жарайсың! Ал қане, билетінді оқи ғой?..

- Әдебиет теориясы мен журналистикадағы...

Осылайша тілеген 100 балымды жинап, бала кезден армандаған журналистиканың алып шаһарына еніп кеттім. Қыркүйектің көзекті бір күні болса керек, Көкәң Қамзиннің дәрісінде отырғанда, не екені белгісіз, ойыма кезінде өзім алдында отырып, сынақ тапсырған жайдары жүзді, бидай өңді апай оралды.

Сол апай келгелі бері бір көрінбеді, қайда жүр өкен?» деп ары-бері қарайлап жүрсем де еш кезіктіре алмаған соң, ол кісі жайлы ұмытып кеттім. Уақыт зымырап өте берді. Көзді ашып-жұмғанша 2 курстың ортасына да аяқ басып қалдық. Жаңа жылғы бір ай демалыстан бері бір-бірімізді көрмегендіктен ананы-мынаны айтып отырамыз деп алты қыз таңға жуық бірақ ұйықтадық. Түнде әңгіме арасында «қыздар, таңертең кешігіп қалмайық 8.30-дағы лектор шет елден енді ғана келген өте қатал апай дейді

3 курстар» деген құрбым Анардың сөзі есіме түсіп төсектен атып тұрсам сағат тура 8.30 болып қойыпты. Сөйтіп сол күні қырсыққандай әшейінде кешікпейтін мен «қалайда кешікпеуім керек» деген сабаққа 20 минут кешігіп келдім. Кірсем 3-залда тақтаның алдында ағылшынша дәріс оқып ұстаз тұр. Бетіне тіке қарауға батылым бармай отыруға рұқсат сұрап едім, «алғашқы және соңғы рет болсын» деген сабырлы үнмен орныма отыруыма рұқсат етті. Тек орныма жайғасып, түріне анықтап қарағанымда ғана бұл «қатал апайдың» кезінде өзімнен сынақ қабылдап, сосын көрінбей кеткен апай екенін сонда түсіндім. Бірақ осы апайдың мені ғылым жолына жетелеп, бүгінгі оқудағы да, өмірдегі де ақылшыма айналарын ол кезде кім ойлаған ...

Ұлағатын ұдайы көрсетіп келе жатқан ұстазымның бірі, ф.ғ.к, доцент – Мысаева Қарлыға Нақысбекқызы.

«Іздеген жетер мұратқа» демекші, Қарлыға апайдың Американың белгілі Огайо, Оклахома Мемлекеттік университеттерінде мол тәжірибе жинап бүгінде тек қазақ журналистикасы емес, шет ел журналистикасын талдау мен сараптау жүргізуде көрсетіп келе жатқан білігі мен білімін төккен тер, еткен еңбегінің нәтижесі деп білемін.

Бірде ғаламтордан «сабақ скрипка аспабы секілді: онымен жай гаммаларды ойнауға немесе Паганинише саусақ ұшын сымға жеңіл тигізіп, одан ғажайып үн шығаруға да болады», - деп оқыған едім. Дәл сол сияқты әр сабағын ғажайып әуенге толы скрипа үніндей құбылтуға тырысатын Қарлыға Нақысбекқызы: «студенттер жақсы оқу үшін сабақ ешқашан бір сарынды болмауы тиіс. Сонымен қатар, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, халықаралық биікке көтерілу үшін журналистер жаңа медианың озық технологияларын жетік білуі қажет», - деп ылғи айтып отырады. Шет елден арнайы мамандар шақыртып ұйымдастырып жүрген жаңа медианың жаңа мүмкіндіктерін меңгертуге арналған «New Media for Traditional Media»; «The strategic use of social media to build new ways of international collaboration, activism and crisis management» т.б. сынды халықаралық семинар-тренингтері студенттер үшін тәжірибесі озық елдің кәсіби біліктілігі жоғары мамандарымен тікелей кездесуге, сұхбаттасуға, жаңа технологияны үйренуге жасалған үлкен мүмкіндік деп ойлаймын. Сонымен қатар, пәнді оқу барысында ұйымдастырылған скайпкаст немесе онлайн дәрістері және интернет-конференциялар, халық-

аралық, республикалық деңгейдегі кез-келген іс шаралары осы мақсатта жасап келе жатқан үздіксіз еңбегі деп ойлаймын.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді дана қазақ. Сандаған шәкірт тәрбиелеп, журналистика саласына сүбелі үлес қосып келе жатқан осындай ұстаздан білім алу біз үшін үлкен мақтаным. «Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші, Қарлыға апайдың тәлімі мен кезінде берген «Әсем уақытыңды бос өткізбе, тіл үйрен, баспасөздерге бар, мен бәріңе бағыт беремін ғылыми жұмыстар жазыңдар» деген ақылының арқасында білім жолының нұрлы болашағы жолына қаймықпай қадам басып мен де келем. Менің түсінігімдегі ұстаз білгенін үйретуші ғана емес, тұлға бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін рухы таза, ой-өрісі биік, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жарататын, жүрегі – жылы, көңілі – дарқан адам. Бәлкім «менің сүйікті ұстазым» деп қолыма қалам алып, Қарлыға Нақысбекқызы жайлы сәулелі сөз, салиқалы пікір айтуға талпынуыма ол кісінің бойынан жоғарыда айтып өткен өз түсінігімдегі «Нағыз ұстазға» лайық қасиеттің бәрін де таба білгенім себепші болса керек...

Әсем АЛШЫНБАЕВА,
журналистика факультеті,
3 курс студенті

Қазіргі нарықтық қатынастар уақытында, ең құнды зат – уақыт болып табылатын заманда, «уақытты ұтып алудың» жолдары өте құнды. Солардың бірі қос дипломды білім беру бағдарламасы. Соңғы бірнеше жылдан бері Қазақстан университеттері «қос дипломды білім беру» бағдарламаларына көшті. Бұл бағдарламаның басты мақсаты Қазақстан жоғарғы оқу орындарын тәмамдаған студенттер әлемдік стандарттарға сай жоғары дәрежелі оқу орындарында білімдерін жалғастыруға мүмкіндік беруі. Сонымен қатар олардың Қазақстанда алған дипломдары шет елдерде жұмысқа орналасуда маңызды көмек бола алуы.

Осындай мақсатта еңбек сіңірген оқу орындарының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. ҚазҰУ ТМД елдерімен, сонымен қоса Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерімен, Еуропаның дамыған елдерімен және басқа да көптеген елдермен ынтымақтастық қатынастарды сақтай отырып, «қос дипломды білім беру» бағдарламасын жүзеге асыруда. Осы бағдарлама бойынша бірнеше жылдан бері студенттеріміз шет елдерден академиялық білім алуда. Тек қана біздің студенттер емес, сонымен қатар біздің елімізде, яғни ҚазҰУ-да білім алып жатқан шетел студенттері де жеткілікті. Әр елдің білім беру жүйесінде өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл бағдарламаның көздеген мақ-

саттарының бірі білім беру жүйелерін бір негізге келтіру, яғни оларды бір дәстүрге жұмылдыру болып табылады. Сонда даму жолындағы мемлекеттер дамыған мемлекеттер тәжірибелеріне сүйене отырып кемшіліктерін жоюға және тез арада жоғары дәрежеге жетуіне, ал дамыған елдерге жаңа тәжірибе жинауға мол мүмкіндіктер туады.

Бұл мақсатта құрылған Болон процесі ұйымына ең бірінші мүше болған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Болон процесі құрылған кезде көздеген мақсаттары: жоғары білім алуға мүмкіндіктерді кеңейту, жоғарғы білімнің сапасын және тартымдылығын арттыру, сонымен қатар студенттер мен оқытушылардың мобильділігін жоғарылату. Қазіргі заманда, несиелік оқу жүйесі кезінде, мобильділік білім беру саласында өте маңызды мәселе болып табылады. ҚазҰУ-дың бұл процеске мүше болуы университетімізге жаңа бағдар мен жаңа шабыт береді.

Сонымен қатар Болон процесі және «қос дипломды білім беру» бағдарламасы еліміздің білім беру жүйесіне тек оң әсерін тигізбек. Ең алдымен отандық оқу бағдарламалары еуропалық стандарттарға сәйкестендіріледі,

елімізде дайындалатын мамандықтар мен академиялық дәрежелер бүкіл әлемге танымал болады. Қазақстандық студенттер шет елдердің оқу орындарында оқуға несиелер алады, қазақстандық жоғары оқу орындарының дипломдары еуропалық дипломдармен теңестіріліп, бұл университет студенттері шет елдерде еңбек етуге мүмкіндіктер алады.

ҚазҰУ бұл процеске мүше болған алғашқы жоғарғы оқу орны болғандықтан, «қос дипломды білім беру» бағдарламасын да еліміздегілердің алғашқысы болып ашқанын айтуға болады.

ҚазҰУ ТМД Желілік университеті аясында Ресей федерациясының ең үздік университеттерінің бірінше қос дипломмен оқуға мүмкіндік берген. Бүгінгі таңда ҚазҰУ студенттері «қос дипломды білім беру» бағдарламасымен бакалавриат және магистратура бойынша Ресей халықтар достығы университетінде: филология, юриспруденция, менеджмент, халықаралық қатынастар мамандықтары бойынша; Мәскеу мемлекеттік заң академиясында: юриспруденция, Новосібір мемлекеттік университетінде: менеджмент және

экономика мамандықтары бойынша білім ала алады. Ал докторантура бойынша 2010 жылдан бері Францияның үздік университеттерінің бірі Францияның Ұлттық Политехникалық Лотаринг Институтымен келісім жасалған. Ол бойынша «Геоэнергетика» докторалды мектебінде PhD докторларды қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша дайындалады.

Сонымен қатар бүгінгі таңда ҚазҰУ мен ЕҰУ бірігіп, магистрлерді дайындау бағдарламасына көшіп отыр. Бұл Отандық білім беру жүйесіндегі үлкен бір қадам болмақ.

Елімізді дамыған елдердің қатарына қосу жолында алдымызда тұрған маңызды мәселе білім беру жүйесін және кадрларды даярлауды, яғни адам капиталын дамытуымыз керек. Ендігі мақсатымыз еуропалық стандартқа сай білім беру жүйесін қалыптастыру мен білікті мамандар даярлау. Бұл жолда «қос дипломды білім беру» бағдарламасының көп көмегі тиер деген ойдамын.

Құралай БЕЛГБАЕВА,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің доценті

13 апреля в КазНУ состоится празднование "Наурыз мейрамы"

«Отаншылдық бабалардан басталған»

БАЙКАУ!!!

1941-1945 жылдар Қазақстан мемлекеті тарихында аса зор маңызы бар кезең болды. Майданға бір миллион екі жүз мың қазақстандық шақырылды. Әрбір екінші жауынгер, яғни 600 мыңға жуық адам Ұлы Отан соғысынан оралмады. Қазақстан өзінің әрбір оныншы азаматын жоғалтты (ол кездегі халық саны 6 млн.200 мың адам болатын). Сол зұлмат күндерді көзімен көргендер саны күн санап азайып барады. Олардың ерліктерін ұрпақтары өшқашан ұмытпауы тиіс.

Осы мақсатта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті жастар бойындағы отаншылдық қасиетті жаңғырта түсу бағытында студенттер арасында

«Отаншылдық бабалардан басталған» деп аталатын байқау ұйымдастырып отыр. Байқауға барлық факультеттің студенттері өз шығармаларын (поэзия, проза, драматургиялық, сатиралық т.б.) ұсына алады. Шара ақпанның 15-нен мамыр айының 30-на дейін жалғасады. Үздік деп танылған шығармалар БАҚ беттерінде жарияланады және дипломдармен, алғыс хаттарымен марапатталады.

Ұйымдастыру комитеті:
Журналистика факультеті
Баспасөз және электронды
БАҚ кафедрасы
Электронды мекен-жай:
Kabylgazina.klara@mail.ru

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жастар алаңында Ұлыстың Ұлы мерекесі Наурыз мейрамын тойлау басталды. Университеттің әкімшілік департаменті, Студенттер қалашығы, Жоғарғы студенттер кеңесі, жатақханалар мен оқу корпустарының ұйымдастыруымен өткен мереке барша жиналған жұртты үлкен дайындығымен, тамаша концерттік қойылымдарымен қуантты.

Университетте Наурыз мейрамы тойланды



Победа за победой!

Студенты кафедры физического воспитания и спорта факультета биологии и биотехнологии КазНУ – воспитанники заслуженного тренера РК по боксу, доцента Бахыта Байкулбаева продолжают показывать высокое мастерство и побеждать в различных соревнованиях.

Студентки Гульжан Акимова и Мадина Ашимбаева завоевали бронзовые медали в чемпионате РК среди женщин в г. Шымкент. Девушки выступали в составе алматинской сборной, которая заняла первое место в

командном зачете. В соревнованиях приняли участие около 300 девушек со всех регионов Казахстана.

Также недавно студент Максим Панарин завоевал серебряную медаль на международном турнире на призы Министра обороны РК в г. Алматы. Ранее он выиграл золото первенства в соревнованиях, посвященных памяти известного боксера А. Агаларова в Азербайджане и выполнил норматив мастера спорта РК. Сейчас Максим готовится к участию в чемпионате Азии, который пройдет в Филиппинах.

Соб.корр.

Жатақханада өткен спорттық ойын

Күні кеше №18 жатақханада «Саламатты дене мәдениеті» аясында спорттық іс-шара өтті. Спорттық іс-шара шахмат, қол күресі, теннис негізінде жүргізілді. Жарысқа заң факультетінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Әбенұлы, з.ғ.д., профессор Б.Жетпісбаев, заң факультеті студенттік деканы Б. Мырзалиев және заң факультеті студенттік деканының орынбасары А.Тұрғынбек қазылық етті.

Жарысты ұйымдастырушылардың бірі, заң факультетінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Батырбек Әбенұлы: «Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Н.Ә.Назарбаев еліміз дамуының бір бағытын «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі, яғни, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтау» деп атап өтті. Осы екі сала бір-бірімен тығыз байланыста болса ғана, бүгінде «Саламатты Қазақстан-2015» мемлекеттік бағдарламасы сапалы

түрде жүзеге асырылады. «Саламатты Қазақстан 2011-2015» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жолында біздің факультет те өзіндік үлестерін қосып отыр. Студенттердің салауатты, денсаулығы мықты болып қалыптасулары үшін әлі талай істер жасалады. Бүгінгі өтіп жатқан іс-шара соның айқын көрінісі», - деді.

Жарыс қорытындысы бойынша Шахматтан 1-орынды – П.Ал-Мұхаммед, 2-орынды – М.Абділда, 3-орынды Н. Қажымұрат, қыздар арасындағы қол күрестен 1-орынды - Ш.Зауытбекова, 2-орынды Г. Махат, 3-орынды Б. Назарова, Теннистен 1-орынды – О. Қыдырбаев, 2-орынды - А. Найманбаев, 3-орынды – Б. Парманқұлов, қол күрестен 1-орынды - А. Рахманқұлов, 2-орынды – Б. Тоғызбаев, 3-орынды – А. Байбалаев иеленді. Жеңімпаздарға ұйымдастырушылар тарапынан сыйсыпаттар жасалды.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Жастар алаңында әр жатақхана мен оқу корпустары бірігіп, киіз үй тігіп, «Ырысты», «Мейірім», «Алатау», «Жолтай», «Төле би», «Самұрық», «Жастар» атты ауыл құрып, дастархан жайып, келген қонақтар, университет проректорлары, департамент директорлары, факультет декандары мен студенттер ауыл-ауылды аралап, алаңда ән шырқап, би жарысына қатысты.

«Бүгінгі тамаша ауа райында жаңа жылды қарсы алып отырмыз. Жаңа жыл жақсылыққа толы болсын. Бәріміз ауыл ауылды аралап, дем татып, дастархандас болып, ұлы мейрамды бірге тойлап отырмыз. Бұл мейрам университетте бір ай тойланады. Бүгін міне, бастамасы. Ұлыстың ұлы мейрамында сіздерге амандық, саулық, бақ пен қуаныш тілеймін», -

деді құттықтау сөзінде ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М. Бүркітбаев.

Ақ әжелеріміз кимешекпен, кішілері оюланған комзолда, үкілі бөрікпен шығып, ұлттық салт-дәстүрімізді, қазақы құндылықтарымызды сақтайтындығын, құрметпен қайратынын тағы да бір көрсетті. Студенттер арасында «ҚазҰУ рекордтар клубы» наурыз көже мен бауырсақ жеуден жарыс өткізсе, жатақханалар мен факультет қызметкерлері домбырамен ән шырқап, топ болып хор айтып жарысты. Ұлттық ойын түрлері, арқан тартыс, қазақша күрес, айтыс, алтыбақан ойналып, университетте жастар ұлыстың ұлы мерекесін қуанышпен қарсы алуда.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

СТУДЕНЧЕСКИЙ БИЗНЕС-ИНКУБАТОР ВШЭиБ

КОНКУРС СТУДЕНЧЕСКИХ БИЗНЕС-ПРОЕКТОВ

ЭТО ТВОЙ РЕАЛЬНЫЙ ШАНС НАЧАТЬ СВОЙ БИЗНЕС!!!
УЧАСТВУЙ!!!

ПРОЕКТЫ ДЛЯ УЧАСТИЯ В КОНКУРСЕ НА ФИНАНСИРОВАНИЕ В КАЧЕСТВЕ СТАРТ-УП НА БАЗЕ БИЗНЕС-ИНКУБАТОРА УНИВЕРСИТЕТА

ПРИЗОВОЙ ФОНД
50 000 тенге

с 7 МАРТА

ПО ЭЛЕКТРОННОМУ АДРЕСУ:
E.kazyrbay@kaznu.kz

ПО ВСЕМ ВОПРОСАМ ОБРАЩАТЬСЯ: +77019821550, +77012121181

ПАРТНЕРЫ:
UNIVERSAL STARTUP, DAMU, KAZ KOM, АТЭС

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 10305

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.